

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІ.- Б.160-162.

ӘОЖ 619:636.1 (045)

ЖЫЛҚЫ САҚАУЫН ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Сейсенбаев Н.Ж., 2 курс магистранты
Мұханбетқалиев Е.Е., в.з.к., қауымдастырылған профессор
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Аннотация

Қазіргі кезде жылқы шаруашылығы Қазақстанның мал шаруашылығының ішіндегі кең дамып келе жатқан саласы болып табылады. Қазіргі заманда жылқы шаруашылығының дамуын бірқатар жұқпалы аурулар тежейді, олардың арасында жылқы сақауы ең көп экономикалық зиян келтіреді.

Жылқы сақауы бұрыннан белгілі және ол туралы көптеген ғылыми ақпарат жинақталған болсада, осы аурудың көрінісі мен күресінің ерекшеліктері туралы көптеген сұрақтарды зерттеу қазіргі уақытта өзекті мәселе болып есептеледі.

Осыған байланысты жылқыларды табындық жағдайда ұстаужылқы сақауын алдын алуда экологиялық зиянсыз, экономикалық негізделген және тиімді құралдары мен әдістерін іздеу ветеринария ғылымы мен практикасының өзекті мәселесі болып қала береді.

Кілт сөздер: Жылқы сақауы, *Streptococcus equi*.

Кіріспе

Мал басын қалпына келтіру, табын жылқы шаруашылығының өнімділігін арттыру және жоғары сапалы өнім алу басқа факторлармен қатар инфекциялық ауруларды алдын алу шараларын қоса алғанда, ветеринариялық шараларды жүргізудің тиімділігіне де байланысты. Олардың ішінде ең көп таралғаны жылқы сақауы, әсіресе жас жылқылар арасындатуындайды. Қоздырушысы- *Streptococcus equi*.

Бұл ауру жылқылардың жоғарғы тыныс жолдарының жіті ауруы ретінде ежелден белгілі [1]. Жылқы сақауы бүкіл әлемде кең таралған және жылқы шаруашылығына айтарлықтай экономикалық зиян келтіреді. Сонымен, жылқы сақауы Ресейде, сондай-ақ Қазақстанда, Қырғызстанда, Моңғолияда және басқа елдерде жиі кездеседі [2,3,4,5,6].

Жылқы сақауына қарсы күресте ең тиімді және аз шығынды шара вакцино-профилактика болып табылады. Қазіргі таңда вакциналардың әртүрлі түрлері (белсенді емес, әлсіреген, тірі) сыналады, жасалады және қолданылады. Бұрын (1943-1966) сақау стрептококктарынан тірі, әлсіретілген және өлтірілген штаммдарынан вакциналар практикада қолданылмады [7,8,9].

Дегенмен, әлемнің түрлі елдерінің ғалымдары жылқы сақауына қарсы вакциналарды әзірлеуді жалғастыруда. Соның бірі Нидерландыда Streptococcus equi TW 928 (№ CBS 813.95, Centraalbureau voor Schimmelcultures, P.O. box 273, 3740 AG Baam, The Netherlands) штаммынан жылқы сақауына қарсы тірі вакцина жасалды [10].

Қазіргі уақытта АҚШ-та екі реттік қолданылатын тірі және модификацияланған интраназальді Pinnacle In вакцинасы әзірленіп, қолданылуда. Алайда, бұл вакцинаның кейбір елдерде тіркелуі жоқ және бірнеше апта аралықпен екі және үш рет енгізуді қарастырады, бұл тәжірибе үшін ыңғайсыз [11].

Қазақстанда Streptococcus equi ЮС-15 штаммынан инактивацияланған вакцина, КазНИВИ вакцинасы және құрамында антибиотиктер бар «Ақынтай» вакцинасы әзірленді [13,14].

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмыстары Жамбыл облысы Байзақ ауданы «Бектөбе» шаруа қожалығында жүргізілді. «Бектөбе» ш/қ Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Кеңес ауылы аймағында, Тараз қаласынан 45 км жерде орналасқан. Шаруашылықты тексеру кезінде жылқылардың жалпы саны 113 басты құрады.

Сақауды емдеу және алдын-алу мақсатында шаруашылықта түрлі жұмыстар жүргізіледі. Емдік шараларды атқару үшін арнайы сақауға қарсы «Ақынтай» вакцинасы және «ПенСтреп-400» антибиотигі қолданылды. Ұсынылған дәрілік препараттар зиянсыз, асқынуларды тудырмайды, белсенділігі жоғары.

Зерттеу нәтижелері. Препараттардың емдік тиімділігін анықтау үшін осы шаруашылықта әрқайсысында 6 бастан тұратын 2 топқа тәжірибе жүргізілді. Жануарларды бақылау 7 күн аралығында жүргізілді.

Тәжірибеге алынған құлындарда ауруға тән клиникалық белгілері байқалды: дене температурасының 40-41 градусқа дейін көтерілуі, әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, жақ асты лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

1 кесте - қолданылған препараттар

№, топ	Жылқы саны	Қолданылған препарат	Құрамы	Өндіруші	Сауығу мерзімі (тәулік)
1 топ	6	«Ақынтай» вакцинасы	Бициллин-5-30-40 млн ӘБ Сульфадимезин-1800-2000 мг Триметоприм-300-400 мг	ЖШС «Ақынтай» Қазақстан Республикасы, Алматы қ	6±0,8

			Полиоксидоний-80 мг Дистелденген су		
2 топ	6	ПенСтреп-400 антибиотик	Прокаин пенициллин 200000 ЭБ. Дигидрострептом ицин сульфаты 200 мг. Еріткіш 1 мл	Interchemie (Интерхеми), Нидерланды	8±1,1

Тәжірибеге алынған құлындардың бірінші тобына «Ақынтай» вакцинасын емдік мақсатта бұлшықет ішіне 10 мл дозада, ал екінші топқа «ПенСтреп-400» екі реттік препаратын бұлшықет ішіне 10 мл дозада (2-3 күн аралықта қайта енгізуді қажет етеді) зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Бұл препараттардың емдік тиімділігін терапиялық әсеріне, уақытына және аурудың клиникалық белгілерінің жоюлуына, жануарлардың жалпы жағдайының жақсаруына сүйеніп жүргіздік.

Бақылауға алынған 1 топтың құлындарында 3 тәулікте дене температураларының тұрақталуы байқалды, ал 6 тәуліктерде клиникалық тұрғыдан толық сауықты.

2 топтың құлындарына дәрілік препаратты енгізу ерекшелігіне байланысты емдеу процессі ұзаққа созылды. Жалпы әлсіздік 4 тәулікке дейін сақталып, дене температурасының тұрақталуы 5-6 тәулікте байқалды. Толық клиникалық сауығу 8 тәулік аралығында байқалды.

Қорытынды. «Бектөбе» ШҚ базасында жылқы сақауына қарсы «Ақынтай» вакцинасының және «ПенСтреп 400» антибиотигінің емдік әсерін анықтау бойынша зерттеулер жүргіздік. «Ақынтай» вакцинасының сақауға қарсы емдік қасиеттері «ПенСтреп 400» препаратымен салыстырғанда жоғары нәтиже беретінін айтуға болады. «Ақынтай» вакцинасын қолдану кезінде жалпы клиникалық сауығу 6 тәуліктерде байқалады.

Жүргізілген зерттеулер дәстүрлі әдістермен қатар "Ақынтай" вакцинасын қолдану емдеу шараларын ұйымдастыруда тиімді екенін көрсетті.

Әдебиеттің тізімі

1 Sweeney C.R, Whitlock R.H, Meirs D.A. et all. Complications associated whit Streptococcus equi infection on a horse farm / C.R. Sweeney, R.H. Whitlock, D.A.

Meirs, S.C. Whitehead, S.O. Barningham [Text]/ J. Am. Vet. Med. Assoc. - 1987. - 191(11). - P. 1446-1448. [PubMed]

2 Раимбеков Д.Р., Джетигенов Э.А., Карыпов К.А. и др. Эпизоотические особенности мыта лошадей в Чуйской области [Текст]/ Д.Р. Раимбеков, Э.А. Джетигенов, К.А. Карыпов и др. // Вестник Кыргызского национального аграрного университета им. К.И.Скрябина.-2016. -№2(38). -С.48-52

3 Баянжаргал Б. Эпизоотологические аспекты инфекционных болезней лошадей в Монголии [Текст]/ Б.Баянжаргал, О.Б. Бадмаев, В.Ц. Цыдыпов // Вестник КрасГАУ.-2014.-№3.-С.156-159.

4 Густокашин К.А. Модель распространения мыта лошадей в Алтайском крае с 1964 по 2011 годы, основанная на эпизоотологическом мониторинге [Текст]/ К.А. Густокашин// Вестник Алтайского государственного аграрного университета.-2013.-№11(109).- С.79-80.

5 Неустроев М.П. Мыт лошадей в Якутии (этиология, эпизоотология, меры борьбы и профилактика): монография [Текст]: М.П. Неустроев; под общей редакцией М.П.Неустроева; СО РАСХН, ЯНИИСХ.-Новосибирск. 2000.-144 с.

6 Сансызбаев А.Р. Мыт лошадей в Казахстане (распространение, свойства возбудителя, разработка средства специфической профилактики и лечения): [Текст]/ Автореф. дис....д-ра вет. наук./ А.Р. Сансызбаев-М.,-1993.-41 С.

7 Bazelley P.L. Studies with equine streptococci 2; Experimental immunity to sir. Equi [Text]/ Aust. Vet. J. - 1940. - Vol. 16 (6). - P. 243-259.

8 Bazelley P.L. Studies with equine streptococci 3: Vaccination against Strangles [Text]/ P.L. Bazelley // Aust. Vet. J. - 1942. - Vol. 18 (4). - P. 141-155.

9 Полищук П.К. Дифференциация мытного стрептококка и некоторые данные о его биологических свойствах [Текст]/ П.К. Полищук// Тр. Башкир. НИВОС.-Уфа. - 1951.-Т.6.9. -101.

10 Пат. RU2194752C2 Штамм и культура штамма Streptococcus equi tw 928 для вакцинации лошадей: Рос. Федерация: МПК 12N 1/20, A61K 39/09// (C12N 1/20, C12R 1:46) [Text]/ / Khartford Orla M., Foster Timoti D., Jakobs Antonius A7; заявитель и патентообладатель DZE Provost fellous EhND Skolars of DZE Kolledzh of DZE KhOLI Andivajed Trinita of kvin Ehlizabet near Dublin.-2002. -URL: <https://findpatent.ru/patent/219/2194752.html>.

11 Boyle A. G. Streptococcus equi Infections in Horses: Guidelines for Treatment, Control, and Prevention of Strangles-Revised Consensus Statement [Text]/ A. G. Boyle, J.F. Timoney, J.R. Newton et al. // J Vet Intern Med. - 2018. - 32(2). - P. 633-647.